


«Каспий» Тауар биржасы» Акционерлерлік қоғамы акционерлерінің 29 наурыз 2019 жылғы Кезектен тыс жалпы жиналысының №18 хаттамасына №1 қосымша

Приложение №1 к протоколу №18 Внеочередного Общего собрания акционеров Акционерного общества «Товарная биржа «Каспий» от 29 марта 2019 года

«БЕКІТІЛГЕН»
«29» наурыз 2019 жылғы акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен

«УТВЕРЖДЕН»
Решением общего собрания акционеров от «29» марта 2019 года



«Каспий» Тауар биржасы»

Акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілген №2
ӨЗГЕРТУЛЕР мен ТОЛЫҚТЫРУЛАР

ИЗМЕНЕНИЯ и ДОПОЛНЕНИЯ №2
в Устав Акционерного общества

«Товарная биржа «Каспий»»

Астана
2019

Осы өзгертулер мен толықтыруларға қол қойған күннен бастап, «Каспий» Тауар биржасы» АҚ-ның 11.06.2012 жылғы Жарғысының келесі ережелері өзгертілген болып саналады және келесі редакцияда жазылуға жатады:	п/п	С даты подписания настоящих изменений и дополнений, следующие положения Устава АО «Товарная биржа «Каспий» от 11.06.2012 года считаются измененными и подлежат изложению в следующей редакции:
Жарғының 3-тармағының 3) тармақшасындағы «Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Таха Хусейн көшесі, 9 үй.» деген сөйлем «Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Әуезов көшесі, 46/1 үй, 5-қабат.» деген сөйлеммен ауыстырылсын.	1.	В подпункте 3) пункта 3 Устава предложение «Место нахождения исполнительного органа общества: Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Алматы, улица Таха Хусейна, дом 9.» заменить на предложение «Место нахождения исполнительного органа общества: Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район Сарыарка, улица Ауэзова, дом 46/1, 5-этаж.».
Жарғының 8-тармағындағы «филиалдарды (өкілдіктерді)» сөздерінен кейін «және өзге де окшауланған құрылымдық бөлімшелері» сөздерімен толықтырылсын.	2	В пункте 8 Устава после слов «филиалы (представительства)» добавить слова «и иные обособленные структурные подразделения».
Жарғының 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «12. Қоғам акционері:	3	Пункт 12 Устава изложить в следующей редакции: «12. Акционер общества имеет право:

<p>1) заңнамада және (немесе) осы жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;</p> <p>1-1) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;</p> <p>2) дивидендтер алуға;</p> <p>3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;</p> <p>4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;</p> <p>5) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;</p> <p>6) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;</p> <p>7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;</p> <p>8) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;</p> <p>9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;</p> <p>10) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын</p>	<p>1) участвовать в управлении обществом в порядке, предусмотренном законодательством и (или) настоящим уставом;</p> <p>1-1) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций общества предлагать совету директоров включить дополнительные вопросы в повестку дня общего собрания акционеров в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах»;</p> <p>2) получать дивиденды;</p> <p>3) получать информацию о деятельности общества, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью общества, в порядке, определенном общим собранием акционеров или уставом общества;</p> <p>4) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;</p> <p>5) предлагать общему собранию акционеров общества кандидатуры для избрания в совет директоров общества;</p> <p>6) оспаривать в судебном порядке принятые органами общества решения;</p> <p>7) обращаться в общество с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение тридцати календарных дней с даты поступления запроса в общество;</p> <p>8) на часть имущества при ликвидации общества;</p> <p>9) преимущественной покупки акций или других ценных бумаг общества, конвертируемых в его акции, в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;</p> <p>10) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций общества обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, с требованием о возмещении обществу должностными лицами общества убытков, причиненных обществу, и возврате обществу должностными лицами общества и (или) их аффилированными лицами прибыли</p>
---	---

мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

11) акционерлердің жалпы жиналысының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.

Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

Егер:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі.

Олар бойынша шешімдер қабылдау артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акцияларды қоғамның жай акцияларына айырбастау туралы мәселелер жатады.

1-1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған рынокта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер құрылтай

(дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность;

11) участвовать в принятии общим собранием акционеров решения об изменении количества акций общества или изменении их вида в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

Крупный акционер также имеет право:

1) требовать созыва внеочередного общего собрания акционеров или обращаться в суд с иском о его созыве в случае отказа совета директоров в созыве общего собрания акционеров;

3) требовать созыва заседания совета директоров;

4) требовать проведения аудиторской организацией аудита общества за свой счет.

Привилегированная акция предоставляет акционеру право на участие в управлении обществом, если:

1) общее собрание акционеров общества рассматривает вопрос, решение по которому может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями. Решение по такому вопросу считается принятым только при условии, что за ограничение проголосовали не менее чем две трети от общего количества размещенных (за вычетом выкупленных) привилегированных акций.

К вопросам, принятие решения по которым может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями, относятся вопросы о (об):

уменьшении размера либо изменении порядка расчета размера дивидендов, выплачиваемых по привилегированным акциям;

изменении порядка выплаты дивидендов по привилегированным акциям;

обмене привилегированных акций на простые акции общества;

1-1) общее собрание акционеров общества рассматривает вопрос об утверждении изменений в методику (утверждение методики, если она не была утверждена учредительным собранием)

<p>жиналысы әдістемені бекітпесе, оны бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды;</p> <p>2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;</p> <p>3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді.</p> <p>Жоғарыда аталған жағдайда акционердің - артықшылықты акциялардың меншік иесінің қоғамды басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд толық мөлшерде төленген күннен бастап тоқтатылады.».</p>		<p>определения стоимости привилегированных акций при их выкупе обществом на неорганизованном рынке в соответствии с законодательством Республики Казахстан;</p> <p>2) общее собрание акционеров общества рассматривает вопрос о реорганизации либо ликвидации общества;</p> <p>3) дивиденд по привилегированной акции не выплачен в полном размере в течение трех месяцев со дня истечения срока, установленного для его выплаты, за исключением случаев, когда дивиденд не начислен по основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.</p> <p>В вышеуказанном случае, право акционера - собственника привилегированных акций на участие в управлении обществом прекращается со дня выплаты в полном размере дивиденда по принадлежащим ему привилегированным акциям.».</p>
<p>Жарғының 13-тармағының 7) тармақшасы алынып тасталсын.</p>	4	<p>Подпункт 7) пункта 13 Устава исключить.</p>
<p>Жарғының 13-тармағы мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«11-1) тауар биржасының сауда жүйесін пайдалануды;».</p>	5	<p>Пункт 13 Устава дополнить пунктом 11-1) следующего содержания:</p> <p>«11-1) эксплуатацию торговой системы товарной биржи;».</p>
<p>Жарғы мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«13-1. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған тауарлардың барлық түрімен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын әмбебап тауар биржасы болып табылады.».</p>	6	<p>Дополнить Устав пунктом 13-1. следующего содержания:</p> <p>«13-1. Общество является универсальной товарной биржей, осуществляющей организацию и проведение биржевых торгов по всем видам товаров, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.».</p>
<p>Жарғының 18-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:</p> <p>«Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.».</p>	7	<p>Пункт 18 Устава дополнить предложением следующего содержания:</p> <p>«Акции выпускаются в бездокументарной форме.».</p>
<p>Жарғының 23-тармағының 2) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының» сөздерінен кейін «оналту және» сөздерімен толықтырылсын.</p>	8	<p>В подпункте 2) пункта 23 Устава после слов «Республики Казахстан о» дополнить словами «реабилитации и».</p>
<p>Жарғының 23-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:</p>	9	<p>Пункт 23 Устава дополнить подпунктом 2-1) следующего содержания:</p>

<p>«Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы, сақтандыру қызметі туралы, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен көзделген жағдайларда;».</p>		<p>«2-1) в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан о банках и банковской деятельности, о страховой деятельности, а также о рынке ценных бумаг.».</p>
<p>Жарғының 26-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«26. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады, сондай-ақ акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.</p> <p>Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.».</p>	10	<p>Пункт 26 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«26. На ежегодном общем собрании акционеров утверждается годовая финансовая отчетность общества, определяются порядок распределения чистого дохода общества за истекший финансовый год и размер дивиденда в расчете на одну простую акцию общества, а также рассматривается вопрос об обращениях акционеров на действия общества и его должностных лиц и итогах их рассмотрения.</p> <p>Годовое общее собрание акционеров должно быть проведено в течение пяти месяцев по окончании финансового года. Указанный срок считается продленным до трех месяцев в случае невозможности завершения аудита общества за отчетный период.».</p>
<p>Жарғының 27-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«27. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту; 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту; 3) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату; 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау; 4-1) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау; 4-2) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау; 4-3) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау; 	11	<p>Пункт 27 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«27. К исключительной компетенции общего собрания акционеров относятся следующие вопросы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) внесение изменений и дополнений в устав общества или утверждение его в новой редакции; 2) утверждение кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него; 3) добровольная реорганизация или ликвидация общества; 4) принятие решения об увеличении количества объявленных акций общества или изменении вида размещенных объявленных акций общества; 4-1) определение условий и порядка конвертирования ценных бумаг общества, а также их изменение; 4-2) принятие решения о выпуске ценных бумаг, конвертируемых в простые акции общества; 4-3) принятие решения об обмене размещенных акций одного вида на акции другого вида, определение условий, сроков и порядка такого обмена; 5) определение количественного состава и срока полномочий счетной

<p>5) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;</p> <p>6) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;</p> <p>7) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;</p> <p>8) жылдық қаржы есептілігін бекіту;</p> <p>10) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;</p> <p>11) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;</p> <p>11-1) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;</p> <p>12) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;</p> <p>13) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;</p> <p>14) қоғам акцияларды Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;</p> <p>15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;</p> <p>16) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;</p> <p>17) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;</p> <p>17-1) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле</p>	<p>комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий;</p> <p>6) определение количественного состава, срока полномочий совета директоров, избрание его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам совета директоров за исполнение ими своих обязанностей;</p> <p>7) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит общества;</p> <p>8) утверждение годовой финансовой отчетности;</p> <p>10) утверждение порядка распределения чистого дохода общества за отчетный финансовый год, принятие решения о выплате дивидендов по простым акциям и утверждение размера дивиденда по итогам года в расчете на одну простую акцию общества;</p> <p>11) принятие решения о невыплате дивидендов по простым акциям общества;</p> <p>11-1) принятие решения о добровольном делистинге акций общества;</p> <p>12) принятие решения об участии общества в создании или деятельности иных юридических лиц либо выходе из состава участников (акционеров) иных юридических лиц путем передачи (получения) части или нескольких частей активов, в сумме составляющих двадцать пять и более процентов от всех принадлежащих обществу активов;</p> <p>13) определение формы извещения обществом акционеров о созыве общего собрания акционеров;</p> <p>14) утверждение изменений в методику определения стоимости акций при их выкупе обществом на неорганизованном рынке в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p> <p>15) утверждение повестки дня общего собрания акционеров;</p> <p>16) определение порядка предоставления акционерам информации о деятельности общества;</p> <p>17) введение и аннулирование «золотой акции»;</p> <p>17-1) принятие решения о заключении обществом крупной сделки, в результате которой (которых) обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят и более процентов от общего</p>
---	---

<p>туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;</p> <p>18) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.</p> <p>Осы тармақтың 2), 3), 4) және 14) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.</p> <p>Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) қоғам жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.</p> <p>Акционерлердің жалпы жиналысы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде осы тармақтың 4-3) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.».</p>		<p>размера балансовой стоимости активов акционерного общества на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости его активов;</p> <p>18) иные вопросы, принятие решений по которым отнесены законодательством Республики Казахстан и (или) уставом общества к исключительной компетенции общего собрания акционеров.</p> <p>Решения общего собрания акционеров по вопросам, указанным в подпунктах 2), 3), 4) и 14) настоящего пункта, принимаются квалифицированным большинством от общего числа голосующих акций общества.</p> <p>Решения общего собрания акционеров по иным вопросам принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих акций общества, участвующих в голосовании, если законодательством Республики Казахстан и (или) уставом общества не установлено иное.</p> <p>При принятии решения общего собрания акционеров по вопросу, указанному в подпункте 4-3) настоящего пункта, в части обмена размещенных акций одного вида на акции другого вида решение, которое может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями, считается принятым только при условии, что за такое решение проголосовали не менее чем две трети от общего количества размещенных (за вычетом выкупленных) привилегированных акций.».</p>
<p>Жарғының 30-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«30. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) атқарушы орган; 2) қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий; 3) директорлар кеңесі; 4) қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады. <p>Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда,</p>	12	<p>Пункт 30 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«30. Подготовка и проведение общего собрания акционеров осуществляются:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) исполнительным органом; 2) центральным депозитарием в соответствии с заключенным с обществом договором; 3) советом директоров; 4) ликвидационной комиссией общества.

<p>акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды қоғам көтереді.</p> <p>Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.</p> <p>Егер қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.»</p>		<p>Расходы по созыву, подготовке и проведению общего собрания акционеров несет общество, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.</p> <p>Годовое общее собрание акционеров может быть созвано и проведено на основании решения суда, принятого по иску любого заинтересованного лица, в случае нарушения органами общества порядка созыва годового общего собрания акционеров, установленного законодательством Республики Казахстан.</p> <p>Внеочередное общее собрание акционеров общества может быть созвано и проведено на основании решения суда, принятого по иску крупного акционера общества, если органы общества не исполнили его требования о проведении внеочередного общего собрания акционеров.»</p>
<p>Жарғының 31-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«31. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.»</p>	13	<p>Пункт 31 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«31. Список акционеров, имеющих право принимать участие в общем собрании акционеров и голосовать на нем, составляется центральным депозитарием на основании данных системы реестров держателей акций общества. Дата составления указанного списка не может быть установлена ранее даты принятия решения о проведении общего собрания.»</p>
<p>Жарғының 32-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«32. Акционерлерге ("алтын акцияның" иесіне) алда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен – күнтізбелік отыз күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс.»</p>	14	<p>Пункт 32 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«32. Акционеры (владелец "золотой акции") должны быть извещены о предстоящем проведении общего собрания акционеров не позднее чем за тридцать календарных дней, а в случае заочного или смешанного голосования, при проведении которых для извещения одного или более акционеров используются средства почтовой связи – не позднее чем за сорок пять календарных дней до даты проведения собрания.»</p>
<p>Жарғының 33-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«33. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер қоғам акционерлерінің саны елу акционерден</p>	15	<p>Пункт 33 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«33. Извещение о проведении общего собрания акционеров должно быть опубликовано на казахском и русском языках на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности либо направлено им. Если количество акционеров общества не превышает пятидесяти акционеров,</p>

<p>аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.</p> <p>Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.».</p>		<p>извещение должно быть доведено до сведения акционера посредством направления ему письменного извещения.</p> <p>Письменное извещение о проведении общего собрания акционеров направляется акционерам на бумажном носителе или в электронной форме.».</p>
<p>Жарғының 34-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«34. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған түбегейлі тізбесі қамтылуға тиіс. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:</p> <p>1) қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;</p> <p>2) егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.</p> <p>Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.</p> <p>Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.».</p>		<p>Пункт 34 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«34. Повестка дня общего собрания акционеров формируется советом директоров и должна содержать исчерпывающий перечень конкретно сформулированных вопросов, выносимых на обсуждение. В повестку дня общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, могут вноситься:</p> <p>1) дополнения, предложенные акционерами, владеющими самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций общества, или советом директоров при условии, что акционеры общества извещены о таких дополнениях не позднее чем за пятнадцать дней до даты проведения общего собрания;</p> <p>2) изменения и (или) дополнения, если за их внесение проголосовало большинство акционеров (или их представителей), участвующих в общем собрании акционеров и владеющих в совокупности не менее чем девяноста пятью процентами голосующих акций общества.</p> <p>Утверждение повестки дня общего собрания акционеров осуществляется большинством голосов от общего числа голосующих акций общества, представленных на собрании.</p> <p>Общее собрание акционеров не вправе рассматривать вопросы, не включенные в его повестку дня, и принимать по ним решения.».</p>
<p>Жарғының 35-тармағындағы «танысуы үшін» сөздерінен кейін «қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде» сөздерімен және «бұрын дайын» сөздерінен кейін «әрі қол жетімді» сөздерімен толықтырылсын.</p>	16	<p>В пункте 35 Устава после слов «быть готовы» дополнить словами «и доступны по месту нахождения исполнительного органа общества».</p>
<p>Жарғының 36-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«36. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы</p>	17	<p>Пункт 36 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«36. Общее собрание акционеров вправе рассматривать и принимать решения по вопросам повестки дня, если</p>

<p>жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.</p> <p>Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы, егер:</p> <p>1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;</p> <p>2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.»</p>		<p>на момент окончания регистрации участников собрания (на дату предоставления всех бюллетеней либо на дату окончания срока предоставления бюллетеней при проведении общего собрания акционеров посредством заочного голосования) зарегистрированы акционеры (представители акционеров), включенные в список акционеров, имеющих право принимать участие в нем и голосовать на нем, владеющие в совокупности пятьюдесятью и более процентами голосующих акций общества.</p> <p>Повторное общее собрание акционеров, проводимое вместо несостоявшегося, вправе рассматривать вопросы повестки дня и принимать по ним решения, если:</p> <p>1) был соблюден порядок созыва общего собрания акционеров, которое не состоялось по причине отсутствия кворума;</p> <p>2) на момент окончания регистрации для участия в нем зарегистрированы акционеры (или их представители), владеющие в совокупности сорока и более процентами голосующих акций общества, в том числе заочно голосующие акционеры.»</p>
<p>Жарғының 40-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«40. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында оларды қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы жеткізіледі.»</p> <p>Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері сонымен бірге қоғамның www.comex.kz корпоративтік веб-сайтында жариялануы мүмкін.»</p>	18	<p>Пункт 40 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«40. Итоги голосования общего собрания акционеров или результаты заочного голосования доводятся до сведения акционеров посредством опубликования их на казахском и русском языках на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, в течение пятнадцати календарных дней после даты закрытия общего собрания акционеров.</p> <p>Итоги голосования общего собрания акционеров или результаты заочного голосования также могут быть опубликованы на корпоративном веб-сайте общества www.comex.kz.»</p>
<p>Жарғының 43-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«43. Мынадай мәселелер директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:</p> <p>1) қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде</p>	19	<p>Пункт 43 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«43. К исключительной компетенции совета директоров относятся следующие вопросы:</p> <p>1) определение приоритетных направлений деятельности общества и стратегии развития общества или</p>

<p>көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;</p> <p>2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;</p> <p>3) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;</p> <p>4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;</p> <p>5) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;</p> <p>6) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;</p> <p>8) қоғам президентінің өкілеттік мерзімін айқындау, президентті сайлау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;</p> <p>9) қоғам атқарушы органының лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;</p> <p>10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;</p> <p>10-1) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;</p> <p>11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;</p> <p>12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган</p>	<p>утверждение плана развития общества в случаях, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;</p> <p>2) принятие решения о созыве годового и внеочередного общего собраний акционеров;</p> <p>3) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций, в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации), за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан;</p> <p>4) принятие решения о выкупе обществом размещенных акций или других ценных бумаг и цене их выкупа;</p> <p>5) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг общества, а также принятие решений об их выпуске;</p> <p>6) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности общества;</p> <p>8) определение срока полномочий президента общества, избрание президента, а также досрочное прекращение его полномочий;</p> <p>9) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования исполнительного органа общества;</p> <p>10) определение количественного состава, срока полномочий службы внутреннего аудита, назначение его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита;</p> <p>10-1) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря;</p> <p>11) определение размера оплаты услуг аудиторской организации за аудит финансовой отчетности, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций общества либо являющегося предметом крупной сделки;</p> <p>12) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность общества (за исключением документов,</p>
---	---

<p>қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;</p> <p>13) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;</p> <p>14) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;</p> <p>16) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;</p> <p>17) жасасу туралы шешім Жарғының 27-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;</p> <p>18) директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамын белгілейтін директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;</p> <p>18-1) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;</p> <p>18-2) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;</p> <p>19) Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) осы жарғыда көзделген және акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.».</p>		<p>принимаемых исполнительным органом в целях организации деятельности общества), в том числе внутреннего документа, устанавливающего условия и порядок проведения аукционов и подписки ценных бумаг общества;</p> <p>13) принятие решений о создании и закрытии филиалов и представительств общества и утверждение положений о них;</p> <p>14) увеличение обязательств общества на величину, составляющую десять и более процентов размера его собственного капитала;</p> <p>16) определение информации об обществе или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;</p> <p>17) принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых обществом имеется заинтересованность, за исключением крупных сделок, решение о заключении которых принимается общим собранием акционеров общества в соответствии с подпунктом 17-1) пункта 27 Устава;</p> <p>18) утверждение положений о комитетах совета директоров, устанавливающих порядок формирования и работы комитетов совета директоров, их количество, а также количественный состав;</p> <p>18-1) принятие решения о приобретении (отчуждении) обществом десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц;</p> <p>18-2) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит обществу;</p> <p>19) иные вопросы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и (или) настоящим уставом и не относящиеся к исключительной компетенции общего собрания акционеров.».</p>
<p>Жарғының 44-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «44. Мыналар: 1) нәтижесінде құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті қоғам сатып</p>	20	<p>Пункт 44 изложить в следующей редакции: «44. Крупной сделкой признается: 1) сделка или совокупность взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) обществом приобретается или отчуждается (может</p>

алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

2) нәтижесінде қоғам өзінің орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп проценті мөлшерінде олардың сатылып алынған бағалы қағаздары сатылуы ықтимал мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

3) қоғамның жарғысында ірі мәміле деп танылатын өзге де мәміле ірі мәміле деп танылады.

Мыналар:

1) белгілі бір мүлікті сатып алуға немесе иеліктен айыруға қатысты белгілі бір тұлғамен не өзара аффилирленген тұлғалар тобымен жасалатын бірнеше мәміле;

2) бір шартпен немесе өзара байланысты бірнеше шартпен ресімделетін мәмілелер;

3) жарғымен немесе акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен өзара байланысты мәмілелер деп танылатын өзге де мәмілелер өзара байланысты мәмілелер деп танылады.

Жасалуында қоғамның мүддесі бар мәмілелер.

Қоғамның аффилирленген тұлғалары, егер олар:

1) мәміле жасаушы тарап болса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;

2) мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффилирленген тұлғалары болса, қоғамның мәміле жасасуына мүдделі тұлғалары (бұдан әрі - мүдделі тұлғалар) деп танылады.

Мынадай мәмілелер:

1) акционердің қоғам акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алуы, сондай-ақ қоғамның орналастырылған өз акцияларын сатып алуы жөніндегі мәміле;

2) банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттеме қабылдау жөніндегі мәміле;

быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет двадцать пять и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов общества;

2) сделка или совокупность взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) обществом могут быть выкуплены его размещенные ценные бумаги или проданы выкупленные им ценные бумаги общества в количестве двадцати пяти и более процентов от общего количества размещенных ценных бумаг одного вида;

3) иная сделка, признаваемая уставом общества в качестве крупной сделки.

Взаимосвязанными между собой признаются:

1) несколько сделок, совершаемых с одним и тем же лицом либо с группой аффилированных между собой лиц в отношении приобретения или отчуждения одного и того же имущества;

2) сделки, оформляемые одним договором или несколькими договорами, связанными между собой;

3) иные сделки, признаваемые как взаимосвязанные между собой уставом или решением общего собрания акционеров.

Сделки, в совершении которых обществом имеется заинтересованность.

Лицами, заинтересованными в совершении обществом сделки (далее - заинтересованными лицами), признаются аффилированные лица общества, если они:

1) являются стороной сделки или участвуют в ней в качестве представителя или посредника;

2) являются аффилированными лицами юридического лица, являющегося стороной сделки или участвующего в ней в качестве представителя или посредника.

Не является сделкой, в совершении которой обществом имеется заинтересованность:

1) сделка по приобретению акционером акций или других ценных бумаг общества, а также выкупу обществом своих размещенных акций;


2) сделка по принятию обязательств о неразглашении сведений, содержащих банковскую, коммерческую или охраняемые законом тайны;

<p>3) қоғамды Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын қайта ұйымдастыру;</p> <p>4) қоғамның өз аффилирленген тұлғасымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жасайтын мәмілесі;</p> <p>5) үлгі нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, қоғамның өзінің үлестес тұлғасымен шарт жасасу жасалуына қоғам мүдделі болатын мәміле болып табылмайды.».</p>		<p>3) реорганизация общества, осуществляемая в соответствии с законодательством Республики Казахстан;</p> <p>4) сделка общества со своим аффилированным лицом, совершаемая в соответствии с законодательством Республики Казахстан о государственных закупках;</p> <p>5) заключение обществом со своим аффилированным лицом договора, типовая форма которого установлена законодательством Республики Казахстан.».</p>
<p>Жарғының 49-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«49. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:</p> <p>1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;</p> <p>2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;</p> <p>3) қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;</p> <p>4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.</p> <p>Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.</p> <p>Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.</p> <p>Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган, егер қоғам жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін директорлар кеңесі айқындайды, ал "алтын акция" иесіне хабарлама жіберу тәртібі қоғамның жарғысында айқындалады.</p> <p>Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар директорлар кеңесінің мүшелеріне, егер қоғамның жарғысында өзгеше мерзім айқындалмаса, отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын беріледі.</p>	21	<p>Пункт 49 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«49. Заседание совета директоров может быть созвано по инициативе его председателя или исполнительного органа либо по требованию:</p> <p>1) любого члена совета директоров;</p> <p>2) службы внутреннего аудита общества;</p> <p>3) аудиторской организации, осуществляющей аудит общества;</p> <p>4) крупного акционера.</p> <p>Требование о созыве заседания совета директоров предъявляется председателю совета директоров посредством направления соответствующего письменного сообщения, содержащего предлагаемую повестку дня заседания совета директоров.</p> <p>В случае отказа председателя совета директоров в созыве заседания инициатор вправе обратиться с указанным требованием в исполнительный орган, который обязан созвать заседание совета директоров.</p> <p>Заседание совета директоров должно быть созвано председателем совета директоров или исполнительным органом не позднее десяти календарных дней со дня поступления требования о созыве, если иной срок не установлен уставом общества.</p> <p>Порядок направления уведомления членам совета директоров о проведении заседания совета директоров определяется советом директоров, а владельцу "золотой акции" - уставом.</p> <p>Материалы по вопросам повестки дня представляются членам совета директоров не менее чем за семь календарных дней до даты проведения заседания, если иной срок не определен уставом общества.</p>

<p>Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.</p> <p>Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы атқарушы органға алдын ала хабарлауға міндетті.».</p>		<p>Заседание совета директоров проводится с обязательным приглашением лица, предъявившего указанное требование.</p> <p>В случае рассмотрения вопроса о принятии решения о заключении крупной сделки и (или) сделки, в совершении которой имеется заинтересованность, информация о сделке должна включать сведения о сторонах сделки, сроках и условиях исполнения сделки, характере и объеме долей участия вовлеченных лиц, а также отчет оценщика (в случае, предусмотренном законодательством Республики Казахстан).</p> <p>Член совета директоров обязан заранее уведомить исполнительный орган о невозможности его участия в заседании совета директоров.».</p>
<p>Жарғының 51-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс.».</p>	22	<p>Первый абзац пункта 51 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«Решение заочного заседания совета директоров должно быть оформлено в письменном виде и подписано секретарем и председателем совета директоров.».</p>
<p>Жарғының 56-тармағының екінші абзацы алынып тасталсын.</p>	23	<p>Второй абзац пункта 56 Устава исключить.</p>
<p>Жарғының 59-тармағы алынып тасталсын.</p>	24	<p>Пункт 59 Устава исключить.</p>
<p>Жарғының 63-тармағының 4) тармақшасындағы «қоғам жұмысшыларын» сөздерінен кейін «(Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда)» сөздерімен толықтырылсын.</p>	25	<p>В подпункте 4) пункта 63 Устава после слов «увольнение работников общества» добавить слова «(за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан)».</p>
<p>Жарғының 63-тармағының 6) тармақшасындағы «өзінің орынбасарына» деген сөздер «вице-президентке немесе қоғамның өзге лауазымды адамына» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	26	<p>В подпункте 6) пункта 63 Устава слова «своего заместителя» заменить на слова «вице-президента либо иное должностное лицо общества».</p>
<p>Жарғының 64-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«64. Президенттің функциялары, құқықтары мен міндеттері заңнамамен, осы Жарғымен, сонымен қатар Президент пен қоғам арасында жасалған еңбек шартымен белгіленеді. Қоғам атынан Президентпен жасалған еңбек шартына директорлар кеңесінің Төрағасымен не осыған акционерлердің жалпы жиналысымен</p>	27	<p>Пункт 64 Устава изложить в следующей редакции:</p> <p>«64. Функции, права и обязанности Президента определяются законодательством, настоящим Уставом, а также трудовым договором, заключаемым Президентом с обществом. Трудовой договор от имени общества с Президентом Общества подписывается Председателем совета директоров или лицом,</p>

немесе директорлар кеңесімен уәкілетті тұлғамен қол қойылады.».		уполномоченным на это общим собранием акционеров или советом директоров.».
Жарғының 65-тармағындағы «құрылады» деген сөз «құрылуы мүмкін» деген сөздермен ауыстырылсын.	28	В пункте 65 Устава слово «создается» заменить на слова «может быть образована».
Жарғының 68-тармағындағы «www.tbc.kz» деген сөз «www.comex.kz» деген сөзбен ауыстырылсын.	29	В пункте 68 Устава слово «www.tbc.kz» заменить на слово «www.comex.kz».
Жарғының 70-тармағындағы «сұралған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде» деген сөздер «қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей» деген сөздермен ауыстырылсын.	30	В пункте 70 Устава слова «в течение тридцати календарных дней со дня обращения» заменить на слова «не позднее десяти календарных дней со дня поступления такого требования в общество».
Жарғының 71-тармағындағы «қоғаның тіркеушісі» деген сөздер «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын.	31	В пункте 71 Устава слова «регистратором общества» заменить на слова «центральным депозитарием».

Президент



Қ. Шыныбай

